

**ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК 2025-2026 оқу жылына арналған әдістемелік кеңес жоспары**

**Мақсаты:**

Педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыру. Оқу-тәрбие процесін жақсарту, инновациялық технологияларды енгізу. Балабақшадағы білім беру үдерісінің сапасын арттыру.

**Міндеттері:**

Педагогтардың біліктілігін арттыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру. Жаңа педагогикалық технологияларды зерделеу және енгізу. Оқу-тәрбие жұмысының әдістері мен мазмұнын жетілдіру.

**Әдістемелік кеңес жоспары**

| <b>Іс-шараның Мақсаты</b>                                                                                            | <b>Күн тәртібінде</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       | <b>Өткізілу мерзімі</b> | <b>Жауапты тұлғалар</b>                           |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------|---------------------------------------------------|
| <b>1.Жаңа оқу жылындағы әдістемелік қызметтің басым бағыттарын айқындау</b>                                          | -Жаңа оқу жылындағы мақсаттар мен міндеттерді нақтылау<br>- Оқу бағдарламасындағы өзгерістермен таныстыру<br>- Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру жолдарын айқындау,«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарын іс-шараларда интеграциялау<br>- «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК-нің педагогтерінің әдістемелік құралдарына сараптама жасау. | Қыркүйек, 2025 ж.       | Әдіскер Бердаулетова Г.К                          |
| <b>2.Мектепке дейінгі жастағы балалармен тіл дамыту және сауат ашу жұмысын жетілдіру жолдарын айқындау</b>           | - Тілдік ортаны қалыптастыру<br>- Дыбыспен жұмыс, сөздік қорды байыту әдістерін қарастыру                                                                                                                                                                                                                                                                   | Қазан, 2025 ж.          | Әдіскер Бердаулетова Г.К, тәрбиешілер             |
| <b>3. Педагогикалық қызмет барысында тәрбиеленушілерге жүйелі білім беру.</b>                                        | - Балабақшада мерекелерді ұйымдастыру бойынша ұсынымдар беру.<br>- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізу бойынша ұсынымдар<br>- Ағымдағы мәселелер                                                                                                                                                                  | Желтоқсан, 2025 ж.      | Медбике Колдешова М.М, Әдіскер Бердаулетова Г.К   |
| <b>4.Ойын арқылы баланың шығармашылық қабілетін дамыту</b>                                                           | - Танымдық, қимылды, сюжеттік ойындарды талдау<br>- Ойын ортасын құрудың тиімді жолдарын қарастыру                                                                                                                                                                                                                                                          | Ақпан, 2026 ж.          | Әдіскер Бердаулетова Г.К, тәрбиешілер             |
| <b>5.Жылдық оқу-тәрбие жұмысын қорытындылау. Педагогтің кәсіби дамуындағы жетістіктері мен қиындықтарын айқындау</b> | - «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК-нің педагогтерінің әдістемелік құралдарына сараптама жасау.<br>- Әдістемелік жұмыстың нәтижесін саралау<br>- Педагогтердің рефлексиясы<br>- Жаңа оқу жылына ұсыныстар                                                                                                                                                  | Сәуір, 2026 ж.          | Әдіскер Бердаулетова Г.К, меңгеруші Кудабеева Н.К |

## **№1 әдістемелік кеңес хаттамасы**

**Өткізілген күні:** 2025 ж. қыркүйек айы

**Қатысқандар:** Меңгеруші, әдіскер, педагогтер

### **Күн тәртібі:**

1. Жаңа оқу жылындағы мақсаттар мен міндеттерді нақтылау
2. Оқу бағдарламасындағы өзгерістермен таныстыру
3. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру жолдарын айқындау, «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарын іс-шараларда интеграциялау
4. «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК-нің педагогтерінің әдістемелік құралдарына сараптама жасау.

### **Тыңдалды:**

Әдіскер 2025–2026 оқу жылындағы әдістемелік қызметтің негізгі бағыттарын таныстырды.

Жаңа оқу жылына арналған мақсаттар мен міндеттер нақтыланды.

Үлгілік оқу жоспары мен бағдарламадағы өзгерістер түсіндірілді.

Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру жолдары қарастырылды.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарын барлық іс-шараларда интеграциялау қажеттілігі айтылды.

**Бірінші мәселе бойынша - Әдіскер** «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК-нің міндетімен таныстырып өтті.

**Екінші мәселе бойынша - Әдіскер** Жаңа оқу жылында Қазақстан Республикасының заңнамасына, Мемлекет басшысының және Үкіметтің тапсырмаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған жаңартылған тұжырымдамасының негізгі білім беру саласының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінде жұмыстың мынадай бағыттары өзектендірілді:

«Жасыл балабақша» жобасы экологиялық білім беру және экологиялық мәдениетті қалыптастыру;

Ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің жұмысын жетілдіру.

«Тәрбие бесігі» жобасын іске асыру;

«Беске дейін үлгер» ата-аналарға арналған мобильді қосымшасын қолдану;

«Құзыреттілік орталықтарының» жұмысын жетілдіру арқылы ауылдық және жеке мектепке дейінгі ұйымдарды дамыту;

**Үшінші мәселе бойынша Меңгеруші** 2025–2026 оқу жылына арналған әдістемелік қызметтің басым бағыттары балабақшадағы тәрбие-білім беру процесінің мазмұнын жетілдіруге бағытталды. Жаңа оқу жылының басты мақсаты – балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының қағидаларын оқу-тәрбие іс-әрекеттеріне кіріктіру болып табылады.

деді. Жиналыста педагогтер оқу бағдарламасындағы өзгерістермен танысып, жаңа әдістемелік тәсілдерді қолдану жолдарын талқылады. Сонымен қатар, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда әділдікке, еңбекқорлыққа, бірлік пен ынтымаққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу міндеті қойылды. «Адал азамат» бағдарламасын жүзеге асыру әрбір іс-шарада көрініс табуы тиіс: ойындарда, мерекелерде, экологиялық, ұлттық, спорттық бағыттағы жұмыстарда балаларға құндылықтарды тәжірибе арқылы үйрету көзделді. Әдіскер жыл бойы педагогтердің жұмысын бақылап, қолдау көрсетіп, ай сайын талдау жүргізуді міндетіне алды. Бұл бағыттағы жұмыстар балалардың адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға және болашаққа адал, әділетті, елін сүйетін азамат тәрбиелеуге ықпал ететін болады деді.

### **Төртінші мәселе бойынша - Меңгеруші Н.К. Кудабоева**

Г.К. Бердаулетованың «Дәстүрден тыс бейнелеу тәсілдерін қолдану арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілетін дамыту» тақырыбындағы әдістемелік кеңестің сарапшылар тобы қарап, талдап шыққанын айтты. Мектепке дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда дәстүрден тыс бейнелеу тәсілдерін қолданудың маңызы қарастырылды. Баланың қиялын, ойлау қабілетін, эстетикалық талғамын жетілдіру үшін бейнелеу өнері ерекше құрал болып табылады.

К.Қ. Нургазинаның «Мектеп жасына дейінгі білім беру мекемелерінде білім беру процесін ұйымдастыруда картотекаларды қолдану» әдістемелік кеңестің сарапшылар тобы қарап, талдап шыққанын айтты. Құралда ойын, сенсорлық, сөйлеу, қимыл-қозғалыс, шығармашылық және әлеуметтік бағыттағы картотекалардың үлгілері беріліп, олардың қолданылу алгоритмі әдістемелік тұрғыдан дұрыс негізделген. Бұл еңбек картотекаларды оқу-тәрбие процесінде жүйелі пайдаланудың тиімді әдістерін ұсынумен құнды. Әдістемелік құралдарға сараптама жасаушылар жұмыстардың теориялық және практикалық жағынан толық ашылғанын атап өтті.

Тәрбиеші Ж.Б. Кемалова «Мектепке дейінгі ұйымдарда қаржылық сауаттылықты қалыптастыру» атты әдістемелік құралының мазмұны мен маңыздылығы бойынша баяндама жасады. Педагог электронды құрылғы арқылы құрал құрылымын таныстырып, тәжірибесінен мысалдар келтіріп, әріптестеріне шеберлік сағатын көрсетті және презентация өткізді. Әдістемелік жинақ бойынша меңгеруші Н.К. Кудабоева сөз сөйледі. Ол педагогтің еңбегінің құндылығын атап өтіп, әдістемелік құралдың құрылымының сауатты, мазмұнының толық әрі тәжірибеге бағытталғанын ерекше атап өтті.

### **Шешім:**

1. Педагогтерді жаңа оқу жылындағы мақсат-міндеттермен толық таныстырылсын
2. Оқу бағдарламасындағы өзгерістерді іс жүзінде қолдануды қамтамасыз етілсін.

3. «Адал азамат» бағдарламасының құндылықтарын (әділдік, еңбекқорлық, бірлік, отансүйгіштік) оқу-тәрбие процесінде міндетті түрде пайдаланылсын.
4. Педагог-модератор Г.К. Бердаулетованың «Дәстүрден тыс бейнелеу тәсілдерін қолдану арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілетін дамыту» әдістемелік құралы мен педагог-модератор К.Қ.Нургазинаның «Мектеп жасына дейінгі білім беру мекемелерінде білім беру процесін ұйымдастыруда картотекаларды қолдану» әдістемелік құралы 2025-2026 оқу жылында ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК мектепке дейінгі ұйымында апробациядан өтіп, Күршім аудандық білім бөлімінің әдістемелік кабинетіне қарауға ұсынылсын.  
Ж.Б.Кәмалова дайындаған «Мектеке дейінгі ұйымдарда қаржылық сауаттылықты қалыптастыру» әдістемелік құралы мектепке дейінгі мекемелерге арналған әдістемелік құрал ретінде ұсынылсын.
5. Оқу жылы бойы атқарылған жұмыстар бойынша ай сайын мониторинг жүргізілсін.

Әдіскер: Бердаулетова

Хатшы: Дmf